БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Ы ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... сентябрь | Сейсенбі | Шығуына 33 жыл, жеке саны 20 тиын

***Азық-түлік товарларын, киім, аяқкиім, мата, мебель, ыдыс, шаруашылық товарларын, мәдени-тіршілік заттарын және құрылыс материалдарын сататын арнаулы магазиндердің саны көбейтілсін.***

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасынан).

# Партияның XIX съезін жаңа табыстармен қарсы аламыз

**Бесінші бесжылдық жоспар ССРО халық шаруашылығының жаңадан күшті өркендеуін белгілейді және халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің онан әрі едәуір артуын қамтамасыз етеді.**

**Бесінші бесжылдық жоспардың орындалуы социализмнен коммунизмге қарай даму жолымен алға басудың ірі қадамы болады.**

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасынан).

## ...ргілікті ...ы

...отыруын бақы-
...инциптерінің бұ...
...тұтынушылар қо-
...тамасыз ете біл-
... мен азық-тү-
...арының қойма-
...тұрса да селолық
... басшыларының
...варлар магазин-
...й қалып жүр.

...аны, Сенжарка
...ғамының Левяч...
...раз уақыт түз,
...ілік тұтынатын
...Ал, бұл товарлар
...ушылар қоғамы-
...атқан. Тек Сен-
...едателі Мурзенко
...інші мұқтажын
...есінен шығарып
... ненің бар, не-
... есепке алып
... товарларды ау-
...елуді кешіктіре

...ын ауылдық тұ-
...асты Ленин, Ор-
...рындағы дүкен-
...ын, сіреңке, тұз

## Өскемен СЭС-нің құрылысында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-інің құрылысшылары партияның алдағы болатын XIX съезі құрметіне өздерінің еңбек табыстарын молайтуда.

Оң жаға басқармасының коллективі кеше бетон жұмыстарының август айындағы программасын мерзімінен бұрын орындады. Қазір құрылысшылар шлюзді әзірлеу жөніндегі ақырғы жұмыстарды жүргізуде. Николай Севериковтың бригадасындағы арматуршылар мен Жұмабай Базиловтың бригадасындағы бетоншылардың әрқайсысы екі адамның жұмысын істеуде.

Станция торабы үйінің монтаждау алаңында еңбек қыза түсуде. Бұл жерде қуат агрегаттары жұмысқа қосылуға әзірленуде. Бұларды монтаждауға еділдоншылар Скуратовичтің, Ульянов пен Джуньнің бригадалары қатысуда. Олар өскемендіктерге ұлы құрылыстың тәжрибелерін үйретуде, тапсырмаларын екі есе асыра орындауда.

Алымдаушы экскаваторлардың ...



Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы «Победа» колхозында қырмандағы барлық жұмыс толық механикаландырылған. Колхоздың механикаланды-...

## Автомобиль жүргізушілердің қосқан үлесі

Кезекті сапарға шыққан «ЗИС—155» маркалы № 75—11 автобус Алматының автобус паркіне қайтып келді. Машина жүргізуші Дмитрий Горецкий осы автобусты күрделі жөндеуден өткізбей, норма бойынша 150 мың километрдің орнына 190 мың километр жол жүрді. Шофер Д. Горецкий және оның сменашысы Владимир Беляев № 75—11 автобусты бұдан екі жыл бұрын қабылдап алған болатын. Осы автобуспен күн сайын 300-ден 350 километрге дейін жол жүріп, олар машинаны пайдалану дәрежесін едәуір арттырды. Машина жүргізушілер оны жөндеудің өзінен ғана 35 мың сомға жуық қаржы үнемдеді.

Автобус-таксомотор паркінің көптеген шоферлары машинаны пайдалануда осындай үздік табыстарға жетуде. Иван Ликаренко автобустың жүрісін күрделі жөндеусіз 187 мың километрге жеткізіп, 37 мың сом мемлекет қаржысын, жанармай-

лымы 101 процент болып орындалды.

Бірақ, бұдан облысымыздың сауда жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Облыстық тұтынушылар қоғамы мен оның жергілікті орындарының жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Ең алдымен үшінші тоқсанның товар айналымы жоспарының орындалмай қалу хаупі бар. Өйткені, июль, август айларында товар айналымының жоспарын аудандық тұтынушылар қоғамдарының көпшілігі орындамады. өнеркәсіп товарлары мен азық-түлікті ауыл-село еңбекшілеріне жоспардағыдан кем берді, оларды тұтынушылар қоғамдарының селолық және аудандық басшылары уақытында жеткізе алмады. өнеркәсіп товарлары мен азық-түлік сауаттылары да бар. Осылардың барлығы облыстық тұтынушылар қоғамының басшыларынан ауыл-селолық жерлерге жиі барып тұруға, тұтынушылар қоғамының жергілікті орындарына басшылықты жақсарта түсуге, кооператорлар арасында сын мен өзара сынды күшейтіп, төменнен болған сын мен көпшілік дабылына құлақ асып отыруға, сонымен қатар, сауда кадрларының жалпы және саяси білім дәрежелерін арттыра беруге міндеттейді.

Жергілікті партия, совет ұйымдары тұтынушылар қоғамының жұмысына үнемі көмектесіп, оларға басшылықты күшейтуге, еңбекшілерді өндіріс товарларымен толық қамтамасыз етуді кооператорлардан талап етуге тиіс.

## Облыстық XI партия конференциясы

Кеше, күндізгі сағат 2-де, облыстық драма театры үйінде облыстық XI партия конференциясы ашылды.

Конференция делегаттары ұзаққа созылған ду қол шапалақтау үстінде совет халқының ұлы көсемі және ұстазы Иосиф Виссарионович Сталин бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросын құрметті президиумға сайлады.

Конференция жұмыс президиумын, секретариатты және мандат комиссиясын сайлады.

Бұдан кейін күн тәртібі және регламент бекітілді.

«БК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» жобаларын талқылау жөніндегі мәселе бойынша облыстық Совет атқомінің председателі Оспанов жолдас баяндама жасады.

Петропавл жол бөлімшесінің бастығы Еремин, облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі Петров, Мамлют аудандық партия комитетінің секретары Закирченко, Петропавл аудандық атқомінің председателі Ыбраев, Преснов совхозының директоры Ларин, облыстық соғыс комиссариаты саяси бөлімінің бастығы Кулик, Соколов аудандық атқомінің председателі Красовский, ет комбинатының директоры Галны кин, Қарағанды совхозының директоры Жексембинов, Октябрь аудандық атқомі председателінің орынбасары Перекесеева, қалалық Советтің председателі Савин, қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Чаева, Ново-Георгиев МТС-нің директоры Матыгин жолдастар баяндаманы талқылауға қатысып, сөз сөйледі.

Сөз сөйлеген жолдастардың барлығы бесжылдық жоспар ССРО-ның халық шаруашылығын жаңадан өркендетуді көздейтіндігін және совет халқының материалдық жағдайы мен мәдениет дәрежесінің онан әрі өсуін қамтамасыз ететіндігін айта келіп, партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларын бірауыздан қуаттады.

Конференция бірінші мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Бұдан кейін конференция екінші мәселеге—БК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның өзгертілген Уставы текстінің» жобасын талқылауға көшті. Бұл мәселе жөнінде облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдас баяндама жасады.

Бүгін конференция өзінің жұмысын онан әрі жүргізеді.

центнер шөп дайындауға уйғарды.

## Оңтүстік облыстардың комбайншылары республиканың солтүстігіне баруда

Егін жыйнауға жәрдемдесу үшін Жамбыл облысының бір топ комбайншылары Ақмола және Көкшетау облыстарының МТС-теріне жүріп кетті. Бурная МТС-і егін даласының кемелерін жүргізетін 14 адам жіберді. Бұлардың ішінде егін жыйнаудың таңдаулы шеберлері, быйыл маусымдық нормаларын едәуір асыра орындаған Костин мен Симаков жолдастар бар. Успенов МТС-інде істейтін комбайншылар —әкелі-балалы Евиндер, Қарақаев, Лазерев, Дрокин, Маслов Ақмолаға жүріп кетті. Бұлар, күн сайын нормаларымызды асыра орындаймыз, Қазақстан К(б)П VI съезін егін жыйнауды аяқтаумен қарсы аламыз деп станцияның коллективіне уәде берді.

Жамбыл облысының Ново-Троицк, Шу, Луговая, Меркі және басқа МТС-терінің механизаторлары да солтүстікшілердің егін жыйнауына социалистік көмек көрсетуде. Оңтүстік Қазақстан облысының машина-трактор станциялары Солтүстік Қазақстанның таңдаулы комбайн жүргізушілерден 150 адам, Алматы облысы 40 адам жіберді.

(ҚазТАГ).

### ЛЕНГЕР ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ТАРТУЛАРЫ

ЛЕНГЕР. (ҚазТАГ). «Ленгеруголь» тресінің шахталарында партияның XIX съезін лайықты табыспен қарсы алуды көздеген жарыс өрістей түсуде.

№ 2 шахтада коммунист Филипп Котельников бастық болып істейтін участок өте жақсы табысқа жетті. Участоктың кеншілері август айының жоспарын асыра орындап, вахтаға тұрған алты күннің ішінде жоспардан тыс жүздеген тонна отын шығарды.

№ 4 шахта кеншілерінің есебінде жоспардан тыс шығарылған мыңдаған тонна көмір бар. Мұнда құрметті шахтер Ыдырыс Ысқақов, Али Дүйсенов, Қуан Ахметов, Әмірхан Оспанов алда келеді. Бұлар нормаларын күн сайын 130—150 процеттен орындайды.

ті директиваларының жобасы туралы әңгімелер өткізілуде. Облыстың ауыл шаруашылығының еңбекшілері егін жыйнауды үлгілі аяқтау үшін социалистік жарысқа қосылып, партия съезінің құрметіне стахановтық вахтаға тұруда.

Максим Горький ауданындағы «Третый Интернационал» колхозының дала қосында колхозшы Сейсембаев сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Партия съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі абройымен орында... барлық күшімізді... хоз астық тапсы... рын орындап, қа... сады, күздік дақы... енді зябь жырту... кізіп, малға жай... әзірлеуді қамтам...

Колхозшылар ... новтық вахтаға ... күнге дейін барл... тауға бірауыздан ...

## Шөп сүрлеу механикала...

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Киров ауданының ауылшаруашылық артельдері қоғамдық малды қыстатуға ойдағыдай әзірленуде. Бұл ауданда шөп сүрлеу жоспары кәзірдің өзінде-ақ асыра орындалды. Шөп өткен жылғыдан екі есе артық сүрленді. Маленков атындағы колхозда тапсырмадан тыс мың центнерге жуық көкшөп сүрленді. Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің фермаларында сүрленген жемшөп жоспардағыдан біржарым есе артық. Жемшөп дайындауда Ярославский МТС-нің механизаторлары колхозшыларға зор көмек көрсетуде. Шөп сүрлеудің үздіксіз әдісін қолданып, олар шөпті әрі шауып, әрі турау үшін «Сталинец—6» комбайнын пайдаланып оты... шөп жүк түсіргі... ған автомашинала... ға жеткізіледі. Т... да механизммен і... перді пайдалана... «ДТ—54» трак... ішінде 50 тонна... қазуда. Қазылған... да шынжыр таба...

Еңбекті көп т... ханикаландыру м... МТС-і қамтыйтын... шөп сүрлеуге ж... шығынын екі есе...

## Таудағы шабындықта екінші рет

АЛЕКСЕЕВКА. (ШЫҒЫС Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Марқакөл ауданының колхоздары таудағы шабындықта жабайы өскен шөптерді екінші рет шабуға кірісті. Колхозшылар таудың шабындық байлықтарын неғұрлым толық пайдалануға асығуда. Теңіз бетінен екі мың метрге дейінгі биік жерлерде ондаған ат машиналары мен тырнауыштар жұмыс істеуде.

Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің 15 пішен машинасының машинистері таулық жердің ыңғайына тез үйреніп алды. Бұлардың әрқайсысы күн сайын норма бойынша үш жарым гектардың орнына кемінде ... шабуда. Мұнда әр... есептегенде, біржа... шөп дайындалды... орындау— таңда... бек Қырықбаевты... ағайынды Иван м... тардың орташа ж... дай. Пішен маш... партияның XIX с... хановтық вахтаға... маусымында әрбір... үш мың центнерге... уйғарды.

налыста екі мәселе талқыланды: 1) «Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951— 1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының» БК(б)П Орталық Комитеті ұсынған жобасын талқылау, 2) Партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылау.

### ЖАҢА БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЖОСПАРЫ КОММУНИСТІК ҚОҒАМ ОРНАТУДЫ ЖАҚЫНДАТАДЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық партия комитетінің секретары **Сыздықов** жолдас сөз сөйлеп, бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар жобасының қысқаша мазмұнына тоқталды.

—Бесінші бесжылдық жоспар, —деді ол,— советтік Отанымыздың күш-қуатын онан әрі арттырудың, халқымыздың материалдық және мәдени тұрмысын мейлінше жақсартудың кепілі болып табылады. Бесінші бесжылдық жоспардың директиваларында өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі, шамамен, 70 процент арттырылуы, ал, өнеркәсіптің жалпы өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны, шамамен, 12 процент болуы көзделген.

Сонымен қабат, Ленин —Сталин партиясы жаңа бесжылдықта социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне зор көңіл бөліп отыр. Партияның алдына қойған мақсаты —барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барған сайын ығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті өркендету негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын мейлінше жақсарту.

Сондай- ақ, жаңа бесжылдықта жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы кемінде 35 процент, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстары кемінде (ақшаға балағанда) 40 процент арттырылмақ. Еліміздің товар айналымы, транспорт, байланыс жұмыстары алып қарқынмен өркендемек. Сонымен бірге, денсаулық сақтау халық-

*жиналысынан*

☆

на тоқталды. Күрделі колхоз шаруашылығының ойдағыдай өркендеуі, —деді ол.— басқарушы кадрларға тікелей байланысты. Олай болса, біз колхоздардың болашақ басшы кадрлары мектептен толық білім алып шығуымыз керек. Бірақ, теориялық білімімізді практикалық жұмыстармен байланыстыру үшін мектепте тәжрибе участоктері, түрлі экспонаттар жеткіліксіз болып келеді. Мектеп басшылары бұл кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

**Дүйсенбаев** жолдас өзінің сөзінде жаңа бесжылдықтың .жоспарын ойдағыдай орындау үшін совет адамдары қажырлы еңбек ететінін айтты. Ол мектеп дирекциясына қазір, сынақ пен емтихандар алдында кейбір пәндерден, әсресе, БК(б)П тарихы бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыруды ұсынды.

Тыңдаушы **Копицкий** жолдас қоғамдық шаруашылықты өркендетуге колхоз жерін дұрыс пайдаланудың қажеттігіне тоқталды. Біздің, —деді ол, —Солтүстік-Шығыс Қазақстан облыстарында колхоздардың жері орасан көп. Бірақ, ол жерлер толық пайдаланылмай келеді. Меніңше, әсресе, егіндік жерлердің мүмкіндігінше толық пайдалануына баса көңіл аудару қажет, бұл үшін жерге орналастыру ісін жақсарта түсу керек.

**Быханов** жолдас өзінің сөзінде колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу мәселесіне тоқталды. Колхоздардың басшы кадрларын даярлайтын ауылшаруашылық мектептерге бастауыш және орта дәрежелі білімі бар адамдар жіберіледі. Олардың білім дәрежесі бірдей болмауы программалық материалды үлгерудің сапасын төмендететінін тәжрибе көрсетті. Сондықтан бұл мектептерге тыңдаушыларды білім жағынан біркелкі сұрыптап алу қажет. Сонымен бірге, ауылшаруашылық мектептері оқу үйлерімен, жатақханалармен жеткілікті қамтамасыз етілмей отыр. Жаңа бесжылдықта колхоздардың басшы кадрларын даярлайтын мектептерді оқу үйлерімен, жатақханалармен және оқытушы кадрлармен толық қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл аударылуға тиіс.

«Саны 50-ден асқан партия мүшелерін біріктіретін колхоз бастауыш партия ұйымдарында партия жұмысын өндіріс жұмысынан босатылған қызметкерлер жүргізеді».

—Ленин —Сталин партиясы, —деді оқытушы **Смирнова** жолдас, —совет халқының барлық жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы болып келеді және бола бермек. Өйткені, оның мақсаты — халық мақсаты, «Қазір Совет Одағы коммунист партиясының басты міндеттері, — делінген партияның өзгертілген Уставы текст жобасында, —социализмнен коммунизмге бірте- бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қимылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру». Міне сондықтан да біз, коммунистер, партияның өзгертілген Уставының жобасын шын жүректен қуаттаймыз.

Мектеп партия ұйымы мен оның коммунистерінің міндеті партияның жаңа Уставы жобасы қойған талаптарын мүлтіксіз жүзеге асыру болып табылады. Біздің мектепте кейбір коммунистер бұқараға үлгі болудың орнына, өздері партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалайды, тұрмыстың азғындығына салынады, ескілікті әдет- ғұрыптарды мадақтайды. Партия ұйымы жат қылықтарға салынушыларға қарсы күрес жүргізіп, бұл жөнінде ешбір ымырашылдыққа жол бермеу керек. Бұл үшін сын мен өзара сынды мейлінше кеңінен өрістету қажет.

Коммунистер **Сапаров, Ысқақов** жолдастар партия мүшелерінің партияның өзгертілген Уставының жобасында көрсетілген міндеттері мен праволарына тоқталды.

— Партия мүшесінің міндеті, —деді Ысқақов жолдас, —партияның, халықтың алдында шыншыл, адал болу, адам санасындағы ескінің қалдықтарына қарсы қатаң күрес жүргізу болып табылады. Біз осы талапты мүлтіксіз жүзеге асырған күнде ғана коммунист партиясының мүшесі деген ұлы атақты жоғары ұстаймыз. Алайда, мектептегі кейбір коммунистер



**Азербайжан ССР.** «Қагановичнефть» тресіндегі № 1 кәсіпшілігі озат коллектив. Бұл кәсіпшіліктің мұнайшылары жоспардан тыс жүздеген тонна мұнай өндірді. Стахановшылар жылдық жоспарды 21 декабрьге дейін орындауға міндеттемелер алысты. Мастер С. Алаторцев бастаған № 2 жастар бригадасы қажырлылықпен еңбек етуде.

СУРЕТТЕ: (алдыңғы қатарда) мастер **С. Алаторцев** (оң жақта) және оның көмекшісі Малик **Аждар** установканың жанында тұр.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

## Төрт қатарлы сыйыр қоралары

Москва облысы, Кашира ауданындағы Маленков атындағы колхоз төрт қатарлы сыйыр қорасын салып болды. Қора ішінде сыйырларды төрт қатар етіп байлау малды күтуді едәуір жеңілдетеді. Әрбіреуі 200 сыйырға арналған мұндай сыйыр қоралары облыстың 17 ауданының колхоздарында салынуда. Быйылға дейін тек екі қатарлы сыйыр қоралары салынып келді. Мұнда екі қатарлы қораларға қарағанда төрт қатарлы жаңа қора 35—40 процент арзанға түседі.

Төрт қатарлы жаңа қораларды салуға жаңа құрылыс материалы — карбонды блоктар тұңғыш рет қолданылуда. Бұл блоктар ұнтақталған әк араластырылған құмнан жасалады. Жаңа материал құрылысты едәуір арзандатады және цемент шығынын едәуір азайтады. (СОТА).

## ОҢТҮСТІК-УКРАИНА КАНАЛЫНЫҢ БОЙЫНДА

КИЕВ, 6 сентябрь. (СОТА). Украинаның қалалар құрылысы жөніндегі институты Оңтүстік -Украина каналының аудандa-

тыруға болаты
лады. 25 авгу
лершілдермен
ең реакцияшы
рикан легионы
леген Эйзерхау
бір көрсетіп қ
Эйзенхауэр
қалған күнде к
гізбек болатын
бояуын баттаст
қарудың күші
гін американ
дегенді ол айқ
өзінің жаулап
зіп өтті: бірін
Латвияны, Эст
алып, оларды
тердің өкметіне
еді. Екіншіден,
кияны, Венгрия
нияны, Албани
ды. Үшіншіден,
Шығыс Австри
тілейді.
Айктың жүг
дердің бәрін
құрамына қосу
Айк тыңнан
«Бұл халық
қанымыз. . . Ме
натпен мынан
бір, бізбен тұр
тар ерікті адам
Эйзенхауэр мен
ғамына, адамды
«қосылмайынша
ешуақытта да
Біз Айктың
көреміз: латыш
дар, поляктар
румындар, болг
тер мен австри
рін Эйзенхауэр
ры» қатарына
Әлі бұл да
Азия халықтар
көрінеді. Оның
гол Халық Рес
тай да және
«500 миллион
рі де» ілінген.
Гитлершіл
ауыздарын аш
болады. Олар қ

тың материалдық әл-ауқаты, денсаулығын және мәдени дәрежесін арттыруды қамтамасыз ететін жаңа бесжылдық жоспар қабылдауға мүмкіндік берді. Совет халқы өткен бесжылдықтар сияқты жаңа бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін күресетіні сөзсіз. Жаңа бесжылдықтың жоспары халық мақсатын, елімізде коммунистік қоғам орнату мақсатын көздейді. Мен бүкіл совет халқы сияқты жаңа бесжылдықтың жоспарын зор қуанышпен мақұлдаумен бірге, колхоз кадрларын даярлау ісіне барлық білімім мен күшімді сарқа жұмсаймын.

— Ленин — Сталин партиясының қамқорлығының нәтижесінде — деді екінші курстың тыңдаушысы **Қасенов** жолдас, —колхоздардың қоғамдық шаруашылығы күннен-күнге өсіп нығаюда. Жаңа бесжылдықта егін шаруашылығы және мал шаруашылығымен бірге колхоздарда құрылыс жұмыстары кеңінен орын алмақ. Осыған байланысты менің мынандай ұсынысым бар: бесжылдық жоспарда колхоздарды қажетті құрылыс материалдарымен мейлінше толық қамтамасыз ету шараларын белгілеу мәселесін атап көрсетілуі партиямыздың съезінен сұрауды қажет деп санаймын.

Тыңдаушы **Тенкокогов** жолдас өзінің сөзінде мектептегі оқу жұмысының жайықылау кезінде коммунистердің айтқан ұсыныстары мен пікірлерін қалалық партия комитетіне кезінде хабарлауды талап етті.

## ӨЗГЕРТІЛГЕН УСТАВТЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Жыйналыста партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылау мәселесі белсенділікпен өтті. Жарыссөзде сөз сөйлеген коммунистер партияның өзгертілген Уставының жобасын қызу қолдап, өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын, тілектерін білдірді.

Мектеп партия бюросының секретары **Сандыбаев** жолдас шығып сөз сөйлеп, партияның өзгертілген Уставының орасан зор маңызына тоқталды.

—Бұл документ, —деді ол, —партияның бірлігін онан әрі нығайтып, коммунистерді партиялық және мемлекеттік тәртіпті берік ұстауға, коммунистік қоғам орнату күресіне белсене қатысуға, партия мүшесі деген ұлы атақты бұрынғыдан да жоғары ұстауға міндеттейді.

Сандыбаев жолдас сөзінің соңында колхоз шаруашылығын нығайтуда партия ұйымының зор роль атқаратынына тоқтала келіп, Уставтың 59-параграфының бесінші абзацын толықтыру туралы өзінің пікірін айтты. Ол өнеркәсіп орындастаждың мерзімі бір жыл болып белгіленген. Егер партия кандидаты осы мерзімнің ішінде өзін жеткілікті көрсете алмаса, оған тиісті себебі болса, партия ұйымы оның кандидаттық стажын әрі деген де бір жылға ұзарта алады. Бұл енді партия мүшелігіне бірнеше жыл кандидат болып жүре беруге болмайтындығын көрсетеді. Олай болса, ең алдымен партия мүшелігіне кандидаттық стаждары өтіп кеткен жолдастар жеке басының сапасын байқатуды қамтамасыз ететін болулары керек. Сонымен бірге, партия ұйымы партия кандидаттарымен жұмысты жалпылама емес, нақтылы ұйымдастыратын болуы қажет.

Жыйналыс партияның өзгертілген Уставының жобасын бірауыздан қабылдап, қаулы алды. Партия ұйымына жаңа Уставтың жобасын коммунистердің терең оқып- үйренуін ұйымдастыруды және олардың білдірген тілектері мен ұсыныстарын қалалық партия комитетіне кезінде хабарлап отыруды тапсырды.

Жыйналыстың соңында партия бюросының секретары Сандыбаев жолдас «Правда» редакциясының үндеуін оқыды. Сөйтіп, ол барлық коммунистерді съезд алдындағы материалдарды зейінділікпен оқып -үйренуге және бұл жөнінде партия баспасөзіне пікірлерін жазуға шақырды.

# Комсомол ұйымының жыйналысы

Жақында Мамлют совхозы комсомол ұйымының жыйналысы болып өтті. Онда Совхоз комсомол ұйымында ҚЛКЖО Орталық Комитетінің IV пленумы қаулыларының орындалуы барысы жөнінде комсомол бюросының секретары В. Ляпустин жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің IV пленумының қаулыларын орындай отырып, совхоз комсомол ұйымы өз жұмысын біраз жақсартқанын айтты. Комсомол ұйымының жыйналысы күнілгері жасалған жоспар бойынша кезінде өтетін болды. Ол жыйналыстарда совхоз бен комсомол ұйымының өмірінен туған мәселелер жиі талқыланады. Совхоз комсомолецтерінің көпшілігі социалистік жарыста қабылдаған міндеттерін абройымен орындау үшін қажырлы еңбек етуде.

Дегенмен, комсомол ұйымының жұмысында әлі де болса бірқатар кемшіліктер бар. Кейбір комсомолецтер ,әсресе одақта жоқ жастардың бірсыпырасы физкультура және спорт жұмыстарынан тыс қалып келеді. Осы сияқты, комсомолецтерден комсомол ұйымының жұмысына белсене қатыспай жүргендер де бар.

Баяндама бойынша жарыс сөзде барлығы 9 комсомолец сөз сөйледі. Олар комсомол ұйымының жұмысынан орын тебуіп отырған кемшіліктерді батыл ашып, әділ сынады.

—Егер комсомол ұйымының бюросы, оның секретары Ляпустин жолдастың өзі, —деді комсомолец Мустафин, —комсомол —жастардың тілегі мен талаптарына кезінде құлақ асып, олардың іске асырылуын ұйымдастырып отырса, біздің жұмысымызда олқылықтар анағұрлым кем болар еді. № 2 фермадағы клубты жөндеп, оны пайдалану жөнінде комсомолецтер бірнеше рет мәселе көтерді. Бірақ, не пайда, мұны ешкім ескермей келеді. Физкультура және спорт жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде де осыны айту керек.

Жыйналыс күн тәртібіндегі мәселе бойынша нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды. Қаулыда комсомолецтердің өндірісте, қоғам жұмысында белсенділіктерін арттыру, одақта жоқ жастармен тығыз байланыс жасау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

**Л. МОРГУН.**

рі, сол сияқты пионер үйлері Днепр өзенінің сол жақ қабағындағы Большая Знаменка селосы тұрған жерден, Қара теңіз жағасындағы Ново- Алексеев селосында және Мелитополь ауданының Васильевка және басқа елді пункттері тұрған жерден салынады.

---

## Лысьвен металлургтерінде

ЛЫСЬВА. (Молотов облысы), 4 сентябрь. (СОТА). Лысьевен металлургия заводының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері партияның XIX съезінің құрметіндегі жарысты өрістетуге Батыс Уралдың барлық металлургтеріне патриоттық үндеу жариялады. Олар негізгі агрегаттардың қуатын жақсы пайдаланудың есебінен болат балқытуды арттырып, әзір прокаттар мен ақ қаңылтыр және көпшілік қолданатын товарларды шығаруды ұлғайтып, он айлық жоспарды 23 сентябрьде орындауға міндеттемелер алды. Осы алған міндеттемелерді орындау үшін күресте мартеновшылар тамаша табыстарға ие болды. Олар август айының жоспарын артығымен орындап, болат балқытуды шапшаңдатылған әдіспен жүргізді. № 2 мартен пешінің болат балқытушылары Александр Яговцев және Михаил Сокович болат балқытудың 80 процентін шапшаңдатылған әдіспен орындады. БК(б)П XIX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жарысына Чусовой, Добрянки, Чермоза, Майкора металлургтері де қосылды.

---

## Машина жасаушылардың өнімнің мөлшерін үш есе көбейту жөніндегі жарысы

БАКУ, 7 сентябрь. (СОТА). Кешегіден бүгін жақсы істейік деген ұранмен Бакудың мұнай машиналарын жасаушы «Красный пролетарий» заводында партияның XIX съезінің құрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алуда. Қызыл пролетарийлықтар тоғыз айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, октябрь айының есебіне көптеген мұнай өндіру жабдықтарын шығарды. Бұл істе әсресе, токарь Ага Дадаш жоғары көрсеткіштерге ие болды.

тылуда».
Шамданған
ғатын тағы да
Ол «совет н
зінде АҚШ-қа
дегенді айтады.
Американың
архивінен алы
күлкісін келтір
хауэр ашықтан
басқаға жаппа
ділікті шынын
ғанын төменде
Эйзенхауэрды
не себеп болды
кірлерін айта
жауап береді.
Ол өзінің т
деқандай бір
тік агрессия»
шыларын қорқ
кәзіргі уақытт
болып көрмеген
ді. Эйзенхауэрд
министрі Форр
ақ жетті деген
бірақ ол Форре
ауруханасынын
дығындағы қалпы
Ал мұның б
өстіп қорқыту
латын. Ол да
руға» дәмелен
етіп көрсетпек
леонға ұқсасть
зімен айтқанда
састығындай е
Эйзенхауэрді

„

«Ленин ту
осы тақырыпт
тың. Онда Бул
май ауылдық
ғұловтың маск
нің міндетін д
бетімен жіберг
тілші хатын г

# қ дайындау мерзімінен
# іқталсын

☆

## тадағы комбайншы

оденді комбайншыны
линец—1» комбай-
гектар алаңнын
Ол комбайнмен егін
ғары көрсеткішке

жыйнауда үздік
ың өнімді жұмыс
у керек, —дейді
ың басты шар-
ні бұрын тың-
өткізіп, егін
жағынан әзір егу-
ды жыл сайын са-
ізимін. Тыянақты
айн егінді әрі тез,
і.

йтарлықтай табыска
ол, —комбайнның
м жеткіліксіз. Олай
бір сыры —ком-
ғары техникалык
икалық күтім жа-
йін болсын жұмыс
қтап, егінді әрі тез,
ы. Сондықтан мен
жоғары техникалық
на алдында және
кейін техникалық
ы былай жүргіземіз:
гі бөлшектерінін

ың, егін оратын,
шектердің жұмыс
меклшім шынжыр-
ың, тағы басқа бөл-
ін байқап шығады.

ылар да тракторға
сайды. Байқау ке-
се трактордан бір
бәріміз бірігін,

істеуі жанар, жағар майын үнемдеуге қолайлы жағдай туғызып жүр.

Жалғыз комбайнның үздіксіз жұмысқа қосылуымен іс бітпейді. Ендеше, жұмыстың табысты болуы едәуір дәрежеде астық тасушылардың өнімді еңбек етуіне байланысты. Бұл үшін комбайн агрегаты әрқашан егін бригадасымен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеуге тиіс. Біз егін бригадасымен ынтымақтаса жұмыс істеп келеміз. Бригада агрегатты астық алушылармен, су және жанар майын тасушылармен жеткілікті қамтамасыз етіп келеді. Бұл адамдар да комбайншылар сыякты күні -түні бірдей өнімді еңбек етіп жүр. Комбайн бункерінен 4 арбамен қырмандарға астық тасылады. Біз астықты арбаларға комбайн жүріп бара жатқанда тиейміз. Бұл арқылы жұмыс уақытын едәуір үнемдеп, еңбек өнімділігін арттырып келеміз.

Мен жұмыс істейтін Буденный атындағы колхозда егін шығымдылығы әртүрлі. Өнімі мол участоктің егінін жыйнағанда комбайн бункері әбсәтте толып қалады. Мұндай жағдайда бункерден астық алатын арбаларды көбейтуге тура келеді. Сондықтан біз мұндай участоктің егінін жыйнағанда егін бригадасынан қосымша арбалар алып тұрамыз. Өнімді аз беретін участоктердің егінін орғанда артық арбаларды бригаданың өзіне қайтарып береміз. Бригада оларды басқа жұмыстарға пайдаланады. Участокті ауыстырмас бұрын біз кандай егін жыйнайтынымызды егін бригадаларына білдіріп отырамыз. Осыған қарап бригада ат- арбаларды бізге бөгетсіз жіберіп тұрады.

Агрегатта еңбекті бұлайша ұйымдастыру колхозда егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын бір- бірімен ұштастыра жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

## Оқытушылардың көмегі

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының № 2 бригадасындағы Қызылту жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі колхозшылар арасында мал азығын дайындау, егінді ысырапсыз жыйнап алу жөнінде үгіт -бұқаралық жұмысын ойдағыдай жүргізуде.

Бұл мектептің оқытушылары үгіт-бұқаралық жұмысымен ғана қанағаттанып қоймай, колхозға қолма- қол көмектесуде. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындау үшін кезектесіп бидай елеу жұмысына қатысып жүр. Олар әрбір сменада 150 —200 центнерден бидай тазалап, дайындау орындарына жөнелтісуде. Мұнда оқытушылар Сүлейменов, Тастанбеков, Қосаев, Ескендіров жолдастар ерекше көзге түсуде.

Оқытушылардың осындай қолма- қол көмек көрсетуінің нәтижесінде № 2 бригада мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындап шықты. Колхозшылар оқытушылардың көмегіне алғыс айтуда.

**Қ. ШОҚАНОВ.**

## КОЛХОЗҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Аудан орталығындағы (Ленин ауданы) кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлері қоғамдық мал азығын әзірлеуде колхозларға көмектесуде.

Ленин авторотасының коллективі партия ұйымының секретары Г. Иванов жолдастың басқаруымен «Советский» және «Тропинка Ильича» колхоздарына екі рет жексенбілікке барды. Бұлар «Советский» ауылшаруашылық артелінде 200 центнер, ал, «Тропинка Ильича» колхозында 450 центнер шөп маялады.

«Светлый луч» артелі және аудандық кәсіпкер комбинатының жұмысшылары мен қызметшілері жексенбі күндері «Путь к социализму», «Бірлік» колхоздарына көмекке барып тұрады. «Светлый луч» артелінің коллективі «Путь к социализму» колхозына 650 центнер, кәсіпкер комбинаты-

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



☆

Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхоздың сауыншылары Е. Ивлева және В. Сушкова жолдастар жыл сайын алынған бұзаулауларды аман өсіруде, және сүт сауу жоспарын артығымен орындауда. Быйыл олар жартыжылдық жоспарды 135 процент орындады.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) **В. Сушкова** және **Е. Ивлева** жолдастар сауылған сүтті май заводына жөнелту үшін әзірлеуде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

☆

# МАЛ САНАҒЫ

Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай шешуде мал санағын жүргізудің маңызы ерекше зор. Мұнымен бірге, мал санағын тыңғылықты жүргізу колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге де қолайлы жағдай туғызады. Мұның мәнісі сол—әрбір мал фермасында мал және оның өнімі дұрыс есепке алынып отырса, мал басының тез өсіп, оның талан-таражға түсуін мүлдем жояды.

Мал санағын ойдағыдай жүргізіп, мал шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрген колхоздар облысымызда аз емес. Бірақ, облысты тұтас алғанда істің жайы ойдағыдай деп айтуға болмайды.

Көптеген колхоздарда мал санағы мейлінше сылбыр жүргізіліп келеді. Оларда малдың санағын алу жөніндегі документтердің басым көпшілігі уақытылы толтырылмайды. Сондықтан бір ай немесе бір жыл ішінде белгілі бір фермаға қанша мал қосылғанын, малдан қанша өнім алынып. Бұларда малдың төл есебінен өсуі жөніндегі листок мүлдем толтырылмайды. Басқа фермаларда да мал санының жайы дәл осындай. Мал санағының бұл сыякты бетімен жіберілуі кей реттерде мал басының талан- таражға түсуіне, оның өнімділігінің кемуіне әкеліп соғуда.

Ол- олма, бірқатар мал фермаларында аналық малдардың есебі де дұрыс алынбай келеді. Бұл жағдай мал басының өсуін бәсеңдетумен бірге, оның өнімділігін азайтып отыр. Осыған байланысты мына жайды айта кету керек, колхоздардың мал фермаларында сүт, жүн, жұмыртқа сыякты аса бағалы мал өнімдері дұрыс есепке алынбайды. Бірсыпыра колхоздар мал өнімдерін дайындау жөніндегі жоспарды орындай алмай отырса, оның басты себебі, —міне осы.

Мал шаруашылығының есебін жүргізуге мұндай кемшілікті қараушылықты дереу жою қажет. Мал басын, оның өнімін үздіксіз есепке алып отыру мал шаруашы

сайын 40—45 гектар жердің егінін жыйнап отырды.

Осы сыяқты астық тазалауда да колхозшылар күні- түні бірдей қажырлы еңбек етті.

Б. АСҚАРОВ.

№ 2 егін бригадасы (бригадирі Шәріпжанов жолдас) астық тапсыруда алда келеді.

Мұнда еңбек ойдағыдай ұйымдастырылған. Бастырылған астық тоқтаусыз қырмандарға тасылады. Ол тазартылып дереу

600— 700 центнер астық тапсырады.

Кәзір XIX съезд құрметіндегі вахтаға тұрған бригада мүшелері қабылдау пункттеріне жоспардан тыс астық өткізуде.

Қ. ШОҚАТОВ.

лық берілді. Олардың ішінде өрт бақылау ерікті қоғамының бастығы Е. И. Гришельцов, қоғамның мүшелері Д. А. Степурь, Г. Э. Ленин және басқа да жолдастар бар.

Б. МИРГОРОДСКИЙ.

сыйыр қора
стандартты
аяқталды.
үшін арнал
ріледі.

# Колхоз басқармасы—артель шаруашылығының ұйымдастырушысы

## Колхоз істеріне басшылық ету тәжрибесінен

Бұдан екі жыл бұрын Жамбыл облысы, Мерке ауданындағы екі ұсақ ауылшаруашылық артелі ірілендірілген Жданов атындағы колхозға ұйымдасты. Көп салалы ірі шаруашылықтардың артықшылықтарын пайдалана отырып, Жданов атындағы колхоз қоғамдық шаруашылықты өркендетуде және нығайтуда едәуір алға басты. Колхоздың ақшалай табысы анағұрлым көбейді. Мұның өзі жұмсалатын күрделі қаржының өсуіне әсерін тигізді. 1949 жылы бұрынғы ұсақ артельдердің күрделі қаржысы 1.100 мың сом болса, былтыр күрделі қаржы бір жарым миллион сомдай болды.

Жданов атындағы колхоздың табысқа жетуінде артель өндірісін дұрыс ұйымдастыру үлкен роль атқарды. Колхоз басқармасы бұл істе зор еңбек сіңірді. Басқарманың құрамына колхозшылар егіс бригадаларының бригадирлері Социалистік Еңбек Ері Кандишев, Назарлиев, қой фермасының меңгерушісі Артықбаев, колхоз партия ұйымының секретары Пинчук жолдастарды, өндірістің басқа да таңдаулы ұйымдастырушыларын сайлады. Колхоз басқармасын Социалистік Еңбек Ері Шихваргер жолдас басқарады.

Іріленген колхоздың басқармасы ең алдымен қоғамдық шаруашылықтың өркендеу жолдарын —басты, жетекші салаларын, сондай- ақ қосымша товарлы және көмекші салаларын дұрыс белгіледі, оларды мемлекет алдындағы міндеттемелерді бірінші кезекте орындау, товарлы өнімді неғұрлым көп алу мүдделеріне бағындырды.

Артель шаруашылығының негізгі саласы —мал шаруашылығы. Жерді әрбір маусымда дұрыс пайдалану нәтижесінде колхоз жеріндегі маусымдық жайылымды тиімді пайдалану негізінде малды алыстағы отарға айдамай ұйымдастырудың сыпаты белгіленді.

Ұсақ артельдерде малға керекті жемшөптің тапшылығы сезіліп жүрді. Сондықтан іріленген колхоздың басқармасы жемшөп қорын нығайту үшін бірқатар шаралар істеді. Быйылғы көктемде колхозшылар мың гектар жерге беде екті. Бұл егістің үштен бірі тұқымдық беде. Тұңғыш рет екі гектарлық тұқым участогі жасалды. Бір жылдан кейін бұл тұқымдық участок шаруашылықтың ауыспалы егіске керекті астықбұршақты тұқымдас шөптердің тұқымына мұқтаждығы толық өтеледі, оның үстіне ең кемінде 400—450 центнер артық қалған беде тұқымын береді.

Жданов атындағы колхоз көп жылдық шөптерді үстемелеп егу жолымен шабындықтар мен жайылымның өнімділігін арттыру жөнінде зор көлемді жұмыстар жүргізуде. Осындай әдіспен быйылдың өзінде ғана 500 гектар шабындық пен жайылым жақсартылды. Таяудағы екі жылдың ішінде екпе шөптердің жалпы егіс көлемі 4,5—5 мың гектарға жеткізіледі. Осы шөптердің жартысына жуығы шабындықты жақсарту үшін шабындыққа егіледі.

Табиғи шабындықтың өнімділігін арттыруда көлдете суару өте пайдалы болды. Көлдете суарылған жерлердің шөбі шығымды болып, әр гектардан 25 центнер пішен алынды.

Колхоз қызылшаның ауыспалы егісін игеруді аяқтады. Кәзір колхозшылардың күш- жігері дәнді дақылдар мен жемшөптік ауыспалы егісті игеруге жұмсалуда.

Қоғамдық мал санын көбейтудің тағы бір көзі —төлдің көп алынуы. 1 июльге дейін орта есеппен әрбір жүз сыйырдан 99 бұзау, жүз биеден 99 құлын, жүз саулықтан 103 қозы, бір мегежіннен 8 торай алынды.

Малды аман сақтаудың көрнекті қоры малды жайып бағуды және бордақылауды ұйымдастыру болып табылады. Өткен жылы колхоз мемлекетке орташа салмағы 450 —530 килограмм сыйыр, 48—52 килограмм қой тапсырды. Быйыл 250-ден аса торай, 60 сыйыр, жүздеген қой бордақылануда. Осының арқасында мемлекетке семіздігі ортадан жоғары және семіз мал тапсырылып, колхоз жүздеген мал үнемдейді.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуді осылай ұйымдастыру нәтижесінде колхоз басқармасы мал санын сатып алу жолымен толықтыруды мүлдем тыйды. Кәзір колхоз малы өз есебінен өсіп, өнуде.

Колхоз басқармасы малдың сапасын жақсартуға да зор көңіл бөледі. Колхоз қойларының 90 проценті биязы жүнді және жартылай биязы жүнді. Шошқа фермасындағы шошқалардың бәрі өте өнімді тұқымдар. Колхоз басқармасының кәзір алға қойып отырған басты міндеттерінің бірі — товарлы -сүт фермасын мол өнімді сыйырлармен толықтыру.

Малдың сапасын жақсарту айтарлықтай нәтиже бере бастады. Былтырғыға қарағанда, быйыл әрбір қойдан орта есеппен бір килограмм жүн артық қырқылды. Сыйырдан сүт сауу 24 процент артты. Мемлекетке жұмыртқа тапсыру жоспары 1 июньге дейін орындалып бітті.

Жданов атындағы колхоздың басқармасы мал қораларын салуға зор маңыз береді. Мұның өзі мал шаруашылығын өркендету жоспарының ойдағыдай орындалуына зор көмегін тигізуде. Өткен жылдың өзінде ғана бес мың қойға арналған стандартты он қой қора, жүз сыйыр сыятын сыйыр қора және екі жүз бұзауға арналған бұзауқора салынды.

Мал шаруашылығын іскерлікпен ұйымдастыру ақшалай табыстың үздіксіз артуын қамтамасыз етуде. Быйылғы жылы 1 июльге дейін мал шаруашылығынан түскен табыс былтырғы жылдың осы кезіндегіден екі есе артық болды.

Артель басқармасы колхозшылардың еңбегі мен колхоздың қаржысын қоғамдық шаруашылықтың барлық салаларын онан әрі ұлғайтуға, олардың товарлылығы мен табыстылығын арттыруға жұмылдырады.

Жданов атындағы колхоздың егіншілігінде қант қызылшасы үлкен орын алады. Қант қызылшасын өсіруде 30 звено жұмыс істейді. Артель басқармасы қызылша өсірушілердің еңбегін ұйымдастыруға, өсімдікті күтуді—қатараралықтарды қопсытуды, суаратын бороздалар тартуды, қызылшаны жергілікті және минералдық тыңайтқыштармен үстеп қоректендіруді механикаландыруға зор көңіл бөлуде.

Қызылша өсіру артель шаруашылығының табысты неғұрлым мол беретін салаларының бірі. Быйыл мемлекетке тапсырылған қызылша үшін кемінде бір жарым миллион сом ақша алу жоспарланған, бұл —колхоздың ақшалай табысының 40

процепттей[…]
Колхоз […]
қатар қосы[…]
кәсіпорында[…]
Колхозда 3[…]
гектар жүз[…]
24,5 гекта[…]
да 170 ұя[…]

Колхозда[…]
орындар —[…]
заводтары, […]
усталық-ме[…]
істейді. Ко[…]
тын және […]
ауылшаруа[…]
ге дейін ж[…]
таза шыры[…]
жабдықтау[…]

Кәзір ар[…]
мен көмек[…]
дер мен ж[…]
жұмыс іс[…]
бөлуде.

Колхоз […]
өндіріс жо[…]
сын бұлж[…]
рады. Ау[…]
мемлекетті[…]
документт[…]
барлық б[…]
мекші қа[…]
қатыстыра[…]

Жыл б[…]
лық наук[…]
де жылды[…]
ке жұмы[…]
Жоспар[…]
тыру Жд[…]
дық шар[…]
жетуін қ[…]
артельдің[…]
қарқынме[…]
терналды[…]

# ...ық шолу

...елдерде алда-
...ық конферен-
...ференцияларда
...бекітілді.
...ң құрамында
...өкіл болған
...сіподақтардың
...ствоның қыз-
...христиан ди-
...ер топтардың
...ның құрамы-
...герлер, жазу-
... Делегация-
...барлық адам-
...си сенімдері
...астан бейбіт-
...ірлесіп оты,-
...болып табы-

...ң делегаттары
...болмақ. Бұл
...ық ұйымдар,
...і қорғаудың
...уда. Канә-
...өнінде кү-
...митет бүкіл
... бюллетеньді
...ы конгреске
...лып отыр.
...ін екі апта
...нде мынадай
... конгресті
...ның мұхит
...қақтаушылар
...дан да жо-
...шілікті сақ-
...ол бермеуді
... адамдардың

## ...ДАРЫНЫҢ

...йін Маргетте
...н (БТК) 84-
...олып өтті.
...еуші топтар
... қарулану

осы қарарларға қарсы шыққан бас советтің мүшелеріне 30 минут сөз сөйлеуіне мүмкіндік беріп, ал, қарарларды жақтап шыққан конгрестің қатардағы мүшелеріне шек қойылған. Олар үшін 10 минут қана сөйлей алатындай етіп, жарыссөздің тәртібі белгіленді. Бас совет, сонымен қатар, бірқатар кәсіподақтардың басшыларына қатты қысым жасап, олардың конгрестегі өкілдерінің, кәсіподақтардың қатардағы мүшелерінің пікіріне қарамастан жоғарыда көрсетілген қарарларды қолдаудан бастартуын талап етті. «Дейли уоркер» газеті, мәселен, былай деп хабарлады: 1.300 мың мүшесі бар транспорт жұмысшылары мен маман емес жұмысшылар кәсіподақтарының делегациясы әуелде осы қарарлардың біріне дауыс беруге ұйғарған еді, бірақ, ол өзіне жасалған қысымның нәтижесінде ең соңғы сағатта күтпеген жерден өзінің позициясын өзгертті. «Дейли телеграф энд морнинг пост» газеті былай деп ашық мойындайды: дауысқа қою кейбір ірі кәсіподақтар өкілдерінің «бас советті жеңіліске ұшыратқысы келмей, ең соңғы сағатта өз позициясын өзгерткенінен кейін» жүргізілді. Бұл арада мынаны атап айту керек: конгресс делегаттарының едәуір бөлегі буржуазияға қызмет етуші реакцияшыл кәсіподақ бюрократтарының ішінен іріктеліп алынды. БТК бас советі конгресте ағылшын жұмысшы табының мүдделерін көздемейтін дәл осы адамдарға сүйенді.

Міне, сондықтан бұл қарарлардың екеуі де қабылданбай қалғанына таңдануға болмайды. Дегенмен, бұл қарарларға орасан көп дауыс берілді: бірінші қарарға 1.887 мың дауыс, екінші қарарға — 1.801 мың дауыс берілді. «Дейли уоркер» газеті осы дауысқа қою ағылшын жұмысшыларының қалың бұқарасының көзқарасын бейнелемейтінін атап көрсетті. Газет мынадай мысал келтірді: Шотландия мен Уэльс кеншілері өздерінің жақында өткізілген жыл сайынғы конференцияларында

# Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының мәжлісі

БЕРЛИН, (СОТА). Берлинде Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының 25- кезекті мәжлісі болды. Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің ұсынысына байланысты Халық палатасы Совет Үкметінің осы жылы 23 августа Герман мәселесі жөнінде үш батыс мемлекеттерге жіберген нотасын талқылады.

Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман мәжлісті аша келіп, мәжліске қонақ ретінде қатысып отырған Герман Демократиялық Республикасы үкметінің жанындағы дипломатиялық елшіліктердің басшылары мен Германиядағы Совет Бақылау комиссиясының өкілдерін депутаттардың қол шапалақтауы үстінде құттықтады.

Мұнан кейін Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советінің атынан Сыртқы Істер Министрі Георг Дертингер сөз сөйледі. Оның сөзін мәжліске қатысушылар ду қол шапалақтаумен қарсы алып отырды.

Үзілістен кейін жарыссөз басталды. Жарыссөзде депутаттар: Пастор Фишер (нацизм кезінде қудалаушылыққа ұшыраған адамдардың бірлестігі), Эрих Мюкинбаргер (Германияның біртұтас социалистер партиясы), Манфред Герлах (азат неміс жастарының одағы), Карл Хаман (либерал- демократияшыл партия), Курт Кюн (азат неміс кәсіподақтарының бірлестігі), Пауль Фортак (демократияшыл шаруалар партиясы), Хильда Витбродт (Германияның демократияшыл әйелдер одағы), Ганс Мюллер (социал- демократ партиясы), Курт Бартель (культурбунд), доктор Отто Рюле (ұлттық- демократияшыл партия), Август Бах (демократияшыл -христиан одағы) сөйледі.

Барлық сөйлеушілер Дертингердің мәлімдемесін қызу қолдап, Герман мәселесі жөніндегі Батыс үш мемлекеттердің үкметтеріне жолдаған Совет Үкметі нотасының орасан зор маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Депутаттар Халық палатасының неміс халқына үндеуін және қарарды бірауыздан қабылдады.

Осымен Халық палатасының мәжлісі аяқталды.

---

# „Бонн соғыс шарты“ жойылсын!“

## ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ПАЛАТАСЫНЫҢ НЕМІС ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

БЕРЛИН, (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы бүгін неміс халқына үндеу қабылдады. Неміс ер- әйелдері! Неміс патриоттары! Бонн сепараттық келісімінің жақын күндерде бекітілуі бөлшектелген ел есебінде Германияның тағдырын, басқыншылыққа ұшыраған Батыс Германияның тағдырын, біздің Отанымыздың езілген, тәуелді бөлегінің тағдырын және дүниежүзілік жаңа соғысқа арналған негізгі ауданның тағдырын шешеді.

Германияға жау батыс елдердің үкметтері ...

...тыл түрде қолдап, «жалпы договордың» бекітілуін болдыртпаса, герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу үшін батыл және ұйымдасқан түрде күрессе, бұл жол бізді мақсатқа жеткізеді.

Шығыстағы және Батыстағы немістер! Дүниеге көзқарастарың мен діни сенімдеріңе, әртүрлі партияларға бөлінетіндіктеріңе қарамастан, бітім договорын жасап, Германияның тұтастығын сақтау үшін төрт мемлекет кеңесінің тезінен шақырылуына жетісу үшін бүкіл ұлт болып қимылдап, бірлесіңіздер! Өздеріңді ...

# Кореядағы оқиғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 сентябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе отырып, американ- ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 2 самолетін атып түсіріп, бір самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 7 сентябрь. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе отырып, майдандардың жекелеген участоктерінде өткен күні жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

---

## АДЕНАУЭР БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫҢ ХАЛҚЫНА СЕПАРАТТЫҚ БОНН ДОГОВОР «КЕЛІСІМІН» ТАҢУҒА АСЫҒУДА

БЕРЛИН, 4 сентябрь. (СОТА). Совет Үкметінің 23 августағы нотасында көрсетілген ұсыныстарды Батыс Германия халқының тіпті әртүрлі топтарының кеңінен қолдануы Бонн өкмет орындарын абыржытты.

Бітім договоры мен бірлік жолындағы қуатты қозғалыс батыс мемлекеттер мен Бонн үкметінің неміс халқының сыртынан мұқият әзірлеген, соғысқа әзірленуге және Германияның екіге бөлінуін мәңгі қалдыруға бағытталған сепараттық «келісімдерін» сәтсіздікке ұшырататынын көріп, Аденауэр мен оның айналасындағылар қатты састы.

Батыс Германияның ДПА агенттігінің хабарларынан айқын көрінгеніндей, Аденауэр бірінші сентябрьде Швейцариядан

ТОКИО, 5 сентябрь. (СОТА). «Асакаха» газеті былай деп хабарлайды: алдағы парламент сайлауына байланысты Жапония коммунист партиясының орталық басшы органы ұлттық- азат етудің біртұтас демократиялық майданының мынадай сайлау программасын жариялады:

1. Сепараттық бітім договоры —американ-жапон «хауіпсіздік шарты», «әкімшілік келісімі жойылсын!», «американ-жапон сайлау келісімі жойылсын!», «Потсдам декларациясы толық жүзеге асырылсын!».

2. Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының қатысуымен жан- жақты бітім договоры жасалсын, бес ұлы мемлекет арасында бейбітшілік шарты жасалсын.

3. Ұлтты қайта қаруландыруға және оны шетелдіктердің жалдамалыларына айналдыруға қарсы, соғыс базалары жойылсын, барлық оккупациялық әскерлер әкетілсін.

4. Тепе- теңділік және өзара тиімділік принципі негізінде барлық елдермен еркін сауда қатынастары жасалсын.

5. Патриоттық қозғалысқа және бейбітшілікті қорғау қозғалысына еркіндік берілсін. «Бүлдіру әрекеттеріне жол бермеу туралы заң» жойылсын, жаппай ереуілдерге тыйым салу және демонстрацияларға бақылау қою туралы заңдарға қарсы; сайлау заңының нашарлауына қарсы, конституцияны нашарлату жағына қарай қайта карауға қарсы, ал, аз ұлттарды басып- жаншуға қарсы.

6) Халықтың тұрмыс дәрежесі арттырылсын, соғыс мақсаттарына пайдаланылып отырған ауыр салықтар жойылсын, баға арзандатылсын, ұлттық мәдениет қорғалсын.

7) Жер еңбекші шаруаларға берілсін. Феодалдық қанаушылыққа және шаруалар мен балықшыларды езушілікке қарсы шаруаларды өз жерінен қууға қарсы, күшпен зорлап күріш тапсыруға қарсы, ауылшаруашылық азық- түліктеріне қолайлы баға белгілеу шаруалар мен балықшыларға қажетті құралдар беру үшін.

8) 8 сағаттық жұмыс күні үшін, жұмыссыздыққа қарсы, еңбекті қанауға қарсы, күн көру минимумын қамтамасыз ететін жалақы белгілеу үшін, әлеуметтік қамсыздандырудың толық системасын белгілеу үшін.

9) Бейбіт өнеркәсіпті еркін өркендету үшін, соғыс кезінің үлгісі бойынша экономикаға бақылау қоюға қарсы, қару-жарақ өндіруге қарсы, кәсіп иелері мен саудагерлердің құрал- жабдықтарына, материалдарына, электр қуаты мен рыноктеріне кепілдік берілсін.

10) Ұлтты сатқан үкмет —либералдар үкметін орнынан түсіру үшін, ұлттық-азаттықтың коалициялық үкметін құру үшін.

## ГОЛЛАНДИЯ КОМПАРТИЯ САЯСАТТЫҚ БЮРОСЫНЫҢ ГОЛЛАНДИЯ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

ГААГА, 7 сентябрь. (СОТА). «Де Ваархейд» газеті жаңа министрлер кабинетінің құрастырылуымен байланысты Голландия компартиясының саясаттық бюросы голланд халқына арнаған үндеуін жариялаган. Үндеуде жаңа кабинет құрамындағы әрбір адам голланд үкметін құру ісіне АҚШ үкметінің өрескелдікпен күшті қысым жасағандығын сипаттайды деп көрсеткен.

## Конгресіне әзірлік

ВЕНА, 6 сентябрь. (СОТА). Венада бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне әзірлікке арналған Австрия астанасы бейбітшілікті жақтаушыларының аудандық Советтерінің активтері мен басшыларының конференциясы болды. Вена община Советінің мүшесі Маллер баяндама жасады.

Баяндамашы Конгрестің Вена қаласында болатындығы Австрия астанасының бейбітшілік сүйгіш барлық тұрғын адамдарына үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін атап көрсетті. Вена халқы конгреске жақсы әзірленуге және оны өткізуге көмектесу жөнінде өзінің қолынан келгеннің барлығын істеуге әзір екендігін білдіреді.

Маллер конференцияға қатысушыларды Конгрестің мақсаттары мен міндеттерін еңбекші халыққа түсіндіруді кеңінен жүргізіп, бес ұлы мемлекеттер арасында Бейбітшілік Шартын жасасуға шақырған үндеуге қол қойдыруды күшейтуге, Австрияның батысында американдықтардың соғысқа әзірленуіне қарсы қуатты наразылық білдіру қозғалысын ұйымдастыруға шақырды.

Конференцияда Вена бейбітшілік жақтаушыларының аудандық Советтерінің басшылары —Форст, Шварц және басқалары сөйледі. Олардың барлығы Конгрестің Вена қаласында шақыралатындығына қанағаттанғандық білдіріп, Конгреске даярлану жөнінде нақты ұсыныстар енгізді.

Конференция барлық бейбітшілік жақтаушыларды болашақ конгрестің мақсаттары мен міндеттері туралы халық арасында түсінік жұмысын өрістетуге шақырды.

... студенттердің халықаралық одағының (СХО) Секретариаты мәлімдеме жариялады. Онда былай делінген:

Бұл күндерде дүние жүзінің барлық түпкірлерінен шыққан студенттер өкілдері Бухарестке келіп жатыр. Олар СХО Советінің Румыния астанасында өткізілетін сессиясының жұмысына қатысады. Сессия сентябрьдің 5-нен 11-не дейін болады. Бұл сессияда СХО-ның және Одаққа мүше ұйымдардың биылғы жылдың ішінде бейбітшілік үшін, тұрмыс пен оқуға жақсы жағдай жасау үшін күресудегі жұмысының қорытындысы шығарылады. Совет, сонымен қатар, оқушы жастардың мұқтаждары мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған студенттердің жұмысын да талқылайды.

СХО Советінің осы сессиясының ерекше бір маңыздылығы сол, бұл сессияның алдында Одаққа мүше ұйымдар өкілдерінің Одаққа мүше емес студенттер ұйымдарының өкілдерімен ... Сентябрьдің 1-нен 3 ... бұл кеңестің мақса... халықаралық ынтыма... рын табу.

Мәлімдемеде былай ... сиясының жұмысы ... қатар елдердегі студ... паздар ансамбльдерінің ... тырылады. Сонымен ... де достық кездесулер... ры өткізіледі. Дәл о... тауларында студент... демалыс лагері ұйым...

Мәлімдеменің қоры... деп атап көрсетілген: ... сиясы, спорт және м... ние жүзінің барлық ... жастар арасындағы д... ты нығайтуға бағыт... достық пен ынтымақ... сындағы бейбітшілікті ... үшін өте зор маңызы...


## Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ" г...

**1952 жылдың төртінші тоқсан...**

**жазылушылар қабылд...**

*Газетке жазылу бағасы:*

*1 айға—5 сом, 3 айға — 15 сом.*

Газетке „Союзпечатьтің" барлық почта бө... кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колх... совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілд... жазылуға болады.

**Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мезгі... тұруын қамтамасыз етеді.**



РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор... партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмес...

УШ 01893. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік